

Қоғамдық жұмысқа тартуға сотты болған азаматтар тартылатын қоғамдық жұмыстардың түрлерін бекіту туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 10 мамырдағы № 941 Қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 14 маусымда № 14-7-167 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 19 наурыздағы № 363 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал ауданы әкімдігінің 19.03.2015 № 363 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі Қылмыстық кодексінің 42-бабының 1-тармағы, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қылмыстық – атқару кодексінің 30-бабының 1-тармағы, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 2-тармағы негізінде Мақтаарал ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаны өтеуге сотталған тұлғаларға арналған қоғамдық жұмыстардың түрлері белгіленсін: қала, кенттер мен ауылдық округтер аумақтарын көріктендіру және тазалау.

2. Қоғамдық жұмысқа тарту түрінде жазаға сотталғандармен жазаны өтеу орындары: Мақтаарал ауданы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Мақтаарал-Жасыл желек» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Мақтаарал аудан әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Мақтаарал сервис» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны және Мақтаарал ауданының әкімдігі тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Жетісай» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.

3. Қала, кенттер мен ауылдық округтер әкімдері Мақтаарал аудандық қылмыстық-атқару инспекциясының келісімімен қоғамдық жұмысқа тарту түрінде жазаны өтеуге арналған объектілердің тізімдерін соттарға тоқсан сайын ұсынысын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары

Б . Қ а л ж а н о в қ а

ж ү к т е л с і н .

5. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң күшіне енгізіледі.

Аудан әкімі

С.Тұрбеков

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК